

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің көші-қон органдары басшыларының кеңесін құру туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы Хаттамаға қол қою туралы ұсынысты Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 9 желтоқсандағы № 1335 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің көші-қон органдары басшыларының кеңесін құру туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы Хаттамаға қол қою туралы ұсыныс Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы н ы ң</i>
Жоба	<i>К. Мәсімов</i>	

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің көші-қон органдары басшыларының кеңесін құру туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы
ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын 2007 жылғы 5 қазандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің көші-қон органдары басшыларының кеңесін құру туралы келісімге (бұдан әрі - Келісім) қатысушы мемлекеттер 2007 жылғы 5 қазандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын одан әрі дамыту тұжырымдамасының 4.5 - тармағын іске асыру мақсатында төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімге қосымша болып табылатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің көші-қон органдары басшыларының кеңесі туралы ереженің 3-бөлімі мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

«Кеңестің құзыретіне жататын көші-қон саласындағы мәселелер бойынша ТМД-ның салалық ынтымақтастық органдарының қызметін үйлестіруге;».

2-бап

Осы Хаттама қол қойылған күнінен бастап, ал заңнамасы оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындауды талап ететін Тараптар үшін - көрсетілген

рәсімдерді орындағаны туралы жазбаша хабарламаны депозитарийдің алған күнінен бастап күшіне енеді.

2010 жылғы _____ қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Хаттамаға қол қойған әрбір мемлекетке оның расталған көшірмесін жібереді.

<i>Әзірбайжан Республикасы үшін</i>	<i>Молдова Республикасы үшін</i>
<i>Армения Республикасы үшін</i>	<i>Ресей Федерациясы үшін</i>
<i>Беларусь Республикасы үшін</i>	<i>Тәжікстан Республикасы үшін</i>
<i>Грузия үшін</i>	<i>Түрікменстан үшін</i>
<i>Қазақстан Республикасы үшін</i>	<i>Өзбекстан Республикасы үшін</i>
<i>Қырғыз Республикасы үшін</i>	<i>Украина үшін</i>